

Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 25 ақпандағы N 3-1-148қ "Азаматтардың жекелеген санаттарына шипажайлыш-курорттық емделуге жолдамалар беру Қағидасын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 27 тамыздағы N 23-10-640қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 29 қыркүйекте N 411 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі N 23-782қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009.09.01 N 23-782қ қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 754 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 25 ақпандағы N 3-1-148қ "Азаматтардың жекелеген санаттарына шипажайлыш-курорттық емделуге жолдамалар беру Қағидасын бекіту туралы" қаулысына (Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 25 наурызда N 381 болып тіркелген; "Астана хабары" газетінде 2005 жылғы 14 сәуірде, N 50; "Вечерняя Астана" газетінде 2005 жылғы 7 сәуірде, N 51 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) аталған қаулының преамбуласындағы "Қазақстан Республикасының заңдарына" сөздерінен кейін ", "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 754 қаулысына", "Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" шешіміне" сөздерімен толықтырылсын;

2) аталған қаулымен бекітілген Азаматтардың жекелеген санаттарына шипажайлыш-курорттық емделуге жолдамалар беру Қағидасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С. Мұстафинага жүктелсін.

Әкім

Экімнің бірінші орынбасары
Экімнің орынбасары
Экімнің орынбасары
Экімнің орынбасары
Экімнің орынбасары
Экімнің орынбасары
Экім аппаратының басшысы

міндеттін атқарушысы

мекемесі директоры

міндеттін атқарушысы

Астана қаласы
2005 жылғы 27
N 23-10-640қ қаулысына қосымша

Астана қаласы
2005 жылғы 25
N 3 - 1 - 148 қаулысымен
бекітілген

**Азаматтардың жекелеген санаттарына
шипажайлыштық-курорттық емделуге жолдамалар беру
ҚАҒИДАСЫ**

Осы Азаматтардың жекелеген санаттарына шипажайлыштық-курорттық емделуге жолдамалар беру Қагидасы (бұдан әрі - Қағида) "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және соларға тенестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан

Күжаттамалық сараптама
бөлімі менгерушісінің

"Астана қаласының
Денсаулық сактау
департаменті" мемлекеттік
мекемесі директорының

"Астана қаласының Қаржы
департаменті" мемлекеттік
мекемесі директорының

"Астана қаласының
Жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар
департаменті" мемлекеттік
мекемесінің директоры

Астана қаласы
2005 жылғы 27

Астана қаласы
2005 жылғы 25
N 3 - 1 - 148 қаулысымен

бекітілген

**Азаматтардың жекелеген санаттарына
шипажайлыштық-курорттық емделуге жолдамалар беру
ҚАҒИДАСЫ**

Республикасының заңдарына, "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 754 қаулысына, Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мүқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" шешіміне сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Қағида шипажайлық-курорттық емделуге (бұдан әрі - Жолдамалар) Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын келесі азаматтардың санаттарына жолдамаларды ақысыз беру тәртібін анықтайды:

- 1) Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектерге;
- 2) Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектерге және оған теңестірілген адамдарға;
- 3) 1, 2 және 3 топтағы мүгедектерге;
- 4) мүгедек балаларға.

2. Қағиданың 1-тармағында көрсетілген азаматтардың шипажайлық-курорттық емделуі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мамандандырылған мекемелерде жүзеге асырылады.

3. Азаматтардың жекелеген санаттарына шипажайлық-курорттық емделу "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) әкімгері болып анықталған "Мүгедектерді әлеуметтік қолдау" бағдарламасының "Шипажайлық-курорттық емделу бойынша жеңілдіктер" ішкі бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

4. Азаматтардың жекелеген санаттарын шипажайлық-курорттық емдеуді қаржыландыру көзі Астана қаласының бюджеті болып табылады.

5. Осы Қағиданың 1-тармағында көрсетілген азаматтарға жолдамаларды Департамент тиісті қаржылық жылға бөлінген бюджеттік қаражаттар шегінде береді.

2. Жолдамаларды алуға қажетті құжаттардың тізімі

6. Осы Қағиданың 1-тармағында көрсетілген азаматтар Жолдамаларды алуға белгіленген нысандағы өтінішпен (Қағидаға 1-қосымша) хабарласады және келесі құжаттарды (түпнұсқалар мен көшірмелерді) ұсынады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландағыратын құжат;
- 2) өтініш берушінің заңды өкілі құқықтығын растайтын құжат (мүгедек балалар үшін);
- 3) Қағиданың 1-тармағында көрсетілген азаматтардың санаттарын растайтын құжат;
- 4) денсаулық сақтау ұйымы берген шипажайлық-курорттық картасы;
- 5) мүгедектер үшін - мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді (

зейнеткерлік жасқа келген мүгедектерден басқа);

6) тұрғындар есебінің кітабы немесе азаматтарды тіркеу кітабы.

Салыстырудан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады. Қажетті құжаттары бар өтінішті қабылдағаннан кейін өтініш берушіге өтініш берушінің тіркелу нөмірі мен мерзімі көрсетілген жыртылмалы талон беріледі.

3. Жолдамаларды сатып алу және берудің тәртібі

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларына сәйкес Департамент жыл сайын азаматтардың шипажайлық-курорттық емделуі бойынша қызмет жеткізушилермен шарттар жасасады.

Жеткізушилерді анықтау кезінде Департамент шипажайлық-курорттық картасында көрсетілген денсаулық сақтау ұйымының кепілдемесін, жағдайын және емделу мерзімін ескереді.

8. Жеткізушилер Департаментке ай сайын емделу аяқталғаннан кейін шипажайлық-курорттық емделуден өткен тұлғалардың тізімі көрсетілген атқарылған жұмыстардың актісін ұсынуға міндettі.

9. Департамент келіп түсken өтініштерге сәйкес жыл сайын азаматтардың тізімін жасайды және айларға бөліп, өтініштердің кезек тәртібімен (тіркелу) Жолдамаларды ұсынады.

10. Жолдама беруден бас тартылған жағдайда Департамент өтініш қабылдаған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жазбаша түрде дәлелді бас тартуды беруге міндettі.

11. Департаменттің бірінші басшысымен (немесе оның орынбасарымен) қол қойып және мөрмен бекітіліп берілген Жолдамада шипажайлық-курорттық емделуге құқылы тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі.

12. Берілген Жолдамалар нөмірленген, тігілген және Департаменттің мөрімен расталған шипажайлық-курорттық емделуге берілген жолдамаларды есепке алу және тіркеу журналында ескеріледі (Қағидаға 1-қосымша).

13. Өтініш беруші Департаменттен шипажайлық-курорттық емделудің басталуынан он күнтізбелік күннен кеш емес уақытта Жолдамасын алуға міндettі.

14. Шипажайлық-курорттық емделу орнына дейінгі және кері қайту жолақысының құнын төлеу Жолдама алушының жеке қаражаты есебінен жүргізіледі.

15. Кезектен тыс Жолдамаларды алу құқығын Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері пайдаланады.

16. Шипажайлық-курорттық емделуден өтініш беруші өз талабы бойынша бас тартқан, жолдаманы белгілі бір себептермен (қайтыс болған, сырқаттану және департамент дәлелді деп таныған басқа да) пайдалануға мүмкіндік болмаған

жағдайларда, ол Департаментке қайтарылуы және тізімге сәйкес басқа өтініш берушіге берілуі тиіс.

17. Жолдама дәлелді себептер бойынша пайдаланылмаған жағдайда, берілген жолдама мүмкіндігінше келу кестесіне сәйкес басқа кезеңнің жолдамасына, бірақ ауыстырылуға тиіс жолдамада көрсетілген келу басталғанға дейін үш күннен кешіктірілмей ауыстырылуы мүмкін.

18. Жолдамалар күнтізбелік жылда бір реттен артық емес 14 күнтізбелік күннен кем емес мерзімге беріледі.

19. Пайдаланылмаған шипажайлыш-курорттық емделу үшін ақшалай өтемақы төленбейді.

4. Дауларды шешу тәртібі

20. Осы Қағиданы қолдану барысында туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген тәртіпте қаралуға жатады.

Астана қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 27 тамыздағы
N 23-10-640қ қаулысына
қосымшамен бекітілген
Азаматтардың жекелеген
санаттарына шипажайлыш-
курорттық емделуге
жолдамалар беруге

Қағидасына 1-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 25 ақпандағы
N 3-1-148қ қаулысымен
Азаматтардың жекелеген
санаттарына шипажайлыш-
курорттық емделуге
жолдамалар беруге

Қағидасына 1-қосымша

Астана қаласының
Жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар
департаментінің директорына

(арызданушының аты-жөні)

(әлеуметтік мәртебесі)

мекен-жайы бойынша тұратын:

Телефон _____

ӨТІНІШ

Сізден шипажайлыш-курорттың емделуге 200 жылдың _____
айына жолдама беруді сұраймын.

Мына құжаттардың көшірмелерін қоса беріп отырмын:

1) _____

2) _____

3) _____

4) _____

5) _____

Күні _____

(өтініш берушінің қолы)

(жыртылмалы талонның орны)

Департаменттің қызметкерлерімен толтырылады

Өтініш берушінің аты-жөні _____

Отініш қабылданғанда 200 жылғы "___" _____.
Есепке алуды және өтініштерді тіркеу журналында N _____ тіркелген.

Қабылдады _____

(қызметкердің аты-жөні, лауазымы) (қолы)

Астана қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 27 тамыздағы
N 23-10-640қ қаулысына
қосымшамен бекітілген
Азаматтардың жекелеген
санаттарына шипажайлыш-
курорттың емделуге
жолдамалар беруге

Қағидасына 2-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 25 ақпандағы
N 3-1-148қ қаулысымен
Азаматтардың жекелеген
санаттарына шипажайлыш-

курорттық емделуге
жолдамалар беруге

Қағидасына 2-қосымша

**Шипажайлыштық-курорттық емделуге берілген
жолдамаларды есепке алу және тіркеу**

ЖУРНАЛЫ

p/c N	Өтініш берушінің (заңды өкілінің) аты-жөні	Әлеуметтік мәртебесі	Мекен-жайы	Өтінішті қабылдау күні	Емдеуші дәрігерлер ұсынған санаторий

kesteneң жалғасы

Жолдаманың берілген күні	Жолдама берілген шипажайдың атауы	Жолдама берілген кезең	Өтініш берушінің (заңды өкілінің) колы	Жолдаманың кайтарылған күні және себептері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК